

Советтік қарағанды

16 июнь, 1943 жыл

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық, Орталық Советі мен СССР Көмір өнеркәсібі халық комиссариатының қаулысы бойынша Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туы май айында көмір өндіру жоспарын асыра орындап, ірі өндірістік жетістікке ие болғаны үшін «Қарағандауғол» комбинатындағы «Сталинуғол» тресінің коллективінде (меңгерушісі Жученко, бас инженері Запорецено, КК (б)П Сталин аудандық комитетінің секретары Зайцев жолдастар) қалдырылды және бірінші сыйлық берілді.

* « *

«Кировуғол» тресіндегі № 12 шахтаның коллективіне (шахтаның меңгерушісі Құдайбергенов, бас инженері Гридин, партия ұйымының секретары Бекбосынов жолдастар) май айында көмір өндірудің мемлекеттік жоспарын 113 процент орындап шығып, өндірістік жаңа табысқа ие болғандығы үшін КК (б)П Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Қу ауданы «Саумалкөл» колхозы-

ның мүшелері көктемгі егісті қысқа мерзімде салып бітіріп, Қызыл Армияның Жоғарғы Бас командованиесінің дербес қорына 7 гектар дәнді егіс салды. Сонымен қатар колхоз майдандағы жауынгерлердің семьяларына 4 гектар егін салып берді. Отан Қорғау қорына салынған егіннің жазғы баптау жұмысына арнаулы адам бөлінді.

Социалистік жарыстың өрістетілгендігінің нәтижесінде Қарағанды ет комбинаты (директоры Филлимонов жолдас) жарты жылдық жоспарын мерзімінен 22 күн бұрын орындап шықты. Комбинат Қызыл Армияның Жоғарғы командованиесінің дербес қорына жоспардан тыс 1.829 центнер ет, 895 центнер шұжық, 2.532 тері, 44 центнер сабын берді.

Ет комбинаты жұмысты, әсіресе, май айында жақсы істеді. Оның майдағы өндірістік жоспарының орындауы 148,8 процентке жетті, еңбек өнімділігін 147,8 процент орындады.

Бассейнде соңғы кезде қаланы, поселкелерді сәулеттендіру жөнінде бір-сыпыра жұмыстар істелді. Май алдын-

дағы социалистік жарыста көптеген шахта поселкелері едәуір реттелді, мәдениетті, сәулетті түрге келтірілді, өте-мөте № 33-34, № 18 шахталардағы әрбір жатақхананың, әрбір пәтер үйдің ішкі-тысы сыланып, реттелді, барлық көшелер тазартылды, ағаштар мен гүлдер егілді, асханалардың жұмысы жақсар-тылды.

* * *

«Сталинуғол» тресіндегі Қызыл тулы № 18-бис шахтасының коллективі жарты жылдық жоспарын мерзімінен 18 күн бұрын орындаған. Осыған байланысты жақында кеншілердің сменалық жиналысы өткізілді. Бұл жиналыста шахта коллективі Қызыл Армияның Жоғарғы командованиесінің дербес қорына жоспардан тыс 23 мың тонна көмір өндіріп береміз деп міндеттеме алды.

Казір шахтаның маңдайалды учаскелері мен бригадалары бұл алған міндеттемелерін орындау үшін мықты күрес жүргізуде. Ақбөменов, Қалабаев, Темірғалиев жолдастардың бригадалары сменалық жоспарларын 140 процентке дейін орындап жүр.

* * *

Май айында Балқаш заводының негізгі цехтарының бәрі де жоспарларын асыра орындап, мақтарлықтай дәрежеге жетті. Солардың бірі — байыту фабрикасы. Фабрика май айының және июнь айының алғашқы он күндік жоспарын асыра орындады.